

ПРИНЯТИЕ КОНЦЕПЦИИ СОПРЯЖЕНИЯ ГЛАВНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ АРТЕРИЙ СНГ ИМЕЕТ СТРАТЕГИЧЕСКУЮ ЗНАЧИМОСТЬ И БУДЕТ СПОСОБСТВОВАТЬ РАСШИРЕНИЮ И СИНЕРГИИ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ ЗА СЧЕТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРЕИМУЩЕСТВ ВСЕХ ВИДОВ ТРАНСПОРТА. МЫ ТАКЖЕ ПРОДОЛЖАЕМ РАЗВИВАТЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ ТРАНСПОРТ, ТЕРМИНАЛЬНУЮ ИНФРАСТРУКТУРУ, АВИАЦИОННУЮ И МОРСКУЮ ОТРАСЛИ, А ТАКЖЕ СТРОИМ И РЕКОНСТРУИРУЕМ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ, ЧТОБЫ ОБЕСПЕЧИТЬ ЭФФЕКТИВНОЕ И УСТОЙЧИВОЕ ДВИЖЕНИЕ ГРУЗОВ И ПассажиРОВ.

Талгат ЛАСТАЕВ,
вице-министр транспорта РК



№96 (3135)
18/11/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ВВЕДЕНА НОВАЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ ЛИНИЯ

В Ташкенте (Узбекистан) состоялась рабочая встреча между делегациями АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе управляющего директором по производственным вопросам Бауыржана Урынбасарова и АО «Ўзбекистон темир йуллари» во главе первого заместителя председателя правления Хикматуллы Рахметова.

В ходе встречи отмечены достигнутые результаты перевозочной деятельности за 10 месяцев 2025 года: объем перевозок грузов между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан составил 22,9 миллиона тонн, что выше на 21% к аналогичному периоду прошлого года. Отмечено, что начавшийся сезон массовых перевозок повлиял на затруднения для АО «НК «Қазақстан темір жолы» в части скопления грузов – более восьми тысяч вагонов в направлении МГСП Сарыагаш. Узбекской стороной отмечен максимальный рост парка вагонов, превышающий норматив на шесть тысяч вагонов. В том числе отмечено 14 станций, на которых имеются затруднения в связи с большим образованием вагонопотоков. В целях достижения увеличенного уровня обмена поездов узбекской стороной предложено: необходимость соблюдения количества и номенклатуры грузов по направлениям; переориентация вагонопотоков с МГСП Сарыагаш на МГСП Оазис. Кроме того, по итогам встречи введена в экс-



плуатацию новая железнодорожная линия, строительство которой началось на станции Ок куприк в начале ноября текущего года. В церемонии открытия железнодорожной линии протяженностью один километр приняли участие управляющий директор по производственным вопросам АО «НК «Қазақстан темір жолы» Бауыржан Урынбасаров, заместитель председателя УТИ Абдумалик Камилджанов, председатель АО «Темирийулинфратузилма» Сирожиддин Норкобилов, а также начальники управлений руководства филиала и станции Ташкентского РЖУ. Главным событием нового этапа стало прибытие первого грузового поезда из Казахстана по введенной линии. Это подчеркивает важность развития международного сотрудничества и интеграции железнодорожных сетей двух государств. Также подчеркнуто, что в текущем году в целях увеличения возможности приема импортного

груза из Казахстана АО «Ўзбекистон темир йуллари» дополнительно закончено строительство и введено в эксплуатацию семь путей на станциях Ташкентского узла. Кроме того, стороны договорились предоставлять предварительную информацию о грузах, ввозимых на территорию Республики Казахстан и Республики Узбекистан. В рамках встречи был осуществлен обмен тестовыми сообщениями для проведения анализа, согласован формат обмена данными. Решено, в течение месяца произвести полную отладку данных и осуществить запуск обмена электронных сообщений в объеме транзитной декларации, далее – перейти на промышленный режим. Стороны также договорились усилить сотрудничество, направленное на использование существующих логистических возможностей двух стран.

Асель ШАЙХЫНОВА

КҮН САЙЫН ҚАТЫНАМАҚ



2025 жылғы 14 желтоқсаннан бастап №41 /42 «Атырау-Алматы» жолаушылар пойызының қозғалыс кестесі күнделікті режимге ауыстырылады. Бұл шешім батыс және оңтүстік өңірлер арасындағы көлік қатынасын күшейтуге, сондай-ақ қысқы маусымда жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Пойыз құрамы жаңартылған купе және плацкарт типтегі 15 астам вагоннан тұрады. Бұл бағытпен бір рейс шамамен 700 жолаушы тасымалданады. Билеттер bilet.railways.kz ресми сайтында және барлық теміржол вокзалдарының билет кассаларында қолжетімді. Қосымша ақпарат алу үшін 1433 нөміріне тегін қоңырау шалуға болады. Пойыздардың нақты келу және жөнелту уақыты туралы ақпаратты <https://tablo-railways.kz/> сайтындағы онлайн-табло арқылы қарауға мүмкіндік бар.

Ұлан ОРАЗ

СОВМЕСТНЫЕ ШАГИ К «ЦИФРЕ»



Проект по цифровизации железнодорожных грузоперевозок между ЕАЭС и Китаем вышел на финишную прямую. Все необходимые процедуры планируют завершить до конца года. Об этом сообщалось на заседании Совместной комиссии по реализации Соглашения о торгово-экономическом сотрудничестве между ЕАЭС и КНР в Москве. – Одним из ключевых условий сокращения сроков поставки товаров железнодорожным транспортом, устранения административных барьеров и уменьшения издержек бизнеса является переход на электронные транспортные и товаросопроводительные документы, – сообщил министр по торговле Евразийской экономической комиссии Андрей Слепнев. Во время заседания российской сторона провела консультации с представителями Китайских железных дорог. Их целью, по словам Андрея Слепнева, было финальное согласование всех необходимых условий для подписания Порядка взаимодействия при осуществлении опытных перевозок по безбумажной технологии реализации и Соглашения об осуществлении перевозок по безбумажной технологии. – Рассчитываем, что необходимые внутригосударственные процедуры завершатся в Китае до конца текущего года. Также надеемся, что в самое ближайшее время будет готов к подписанию аналогичный пакет документов и с Казахстаном, – отметил глава блока по торговле ЕЭК.

Любовь РОВБА

11 МЫҢ КМ ТЕМІР ЖОЛ ЖАҢАРАДЫ



Биыл еліміз бойынша 1404 км темір жол жөндеуден өтті. Бүгінгі таңда еліміздің барлық өңірлерінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, рельсшпал торкөзі толығымен төселген. Бекітілген кестеге сәйкес жөндеу жұмыстары Қазақстанның батыс және оңтүстік өңірлерінде жалғасып жатқанын айтады теміржол мамандары. Айтуларында, 2023 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде барлығы 4 277 км жол жөнделген. Ал келесі 2026 жылдың жоспарына келсек, 1 577 км көлемінде жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда екен. Бұл негізгі бағыттарда пойыздардың қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қолдауға мүмкіндік бермек. Инфрақұрылымды жаңарту бойынша жоспарлы жұмыс теміржол тасымалы қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға, пайдалану шығындарын азайтуға және магистральдық желінің қызмет ету мерзімін ұзартуға бағытталған. Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін 2029 жылға дейін 11 000 км теміржол желісін жаңарту жоспарлануда.

Нұрбек БЕКЕН

Мәйекті мәселе

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өкілдері ҚР Көлік министрлігі жанындағы астық тасымалдау жөніндегі жедел астық штабының отырысына қатысты. Іс-шараға ірі жүк жөнелтушілер, ауыл шаруашылығы министрлігінің, «Атамекен» ҰКП, астық терминалдарының, Құрық және Ақтау порттарының өкілдері, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінен элеваторлардың иелері қатысты.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Отырыста ҚТЖ қатысушыларға ағымдағы жағдай және тасымалдау процесін тұрақтандыруға, оның тиімділігін арттыруға және астық тасымалының уақытылы жүзеге асырылуы бағытында қабылданып жатқан шаралар туралы өзекті ақпарат берді. Компания мамандары былғы маркетингтік жылдың алғашқы екі айында астық тиеу жоспарларының орындалу барысы туралы баяндады. Айтуларында, Орталық Азия бағытында уақытша қиындықтар байқалуда. Егінді сақтау, элеваторлық қуаттарды босату және астықты жөнелту қарқынын арттыру үшін ҚТЖ астықтан басқасына, Сарыағаш станциясы арқылы өтетін барлық жүктердің қозғалысын уақытша шектеді.

Өзбек тарапымен бірлесіп пойыздарды қабылдауды ұлғайту жоспары келісілді. Өзбекстан аумағында астықты маршруттармен тасымалдау үдерісі ұйымдастырылатын станциялар анықталды. Отырыс барысында әрі қарай тасымалдау жоспарлары және астықты белсенді әкету кезеңіне тұрақты логистиканы қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланып, жүк жөнелтушілер өздерін алаңдатқан сұрақтарға толық жауап алды. Жалпы биыл жыл басынан бергі тоғыз айда Қазақстан бойынша 9,6 млн тонна астық тасымалданып, бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 40% артық шыққан еді. Осы арада астықтың негізгі бөлігі Ресейге, Орта Азия елдеріне, Иран және Африка мен Еуропаның жаңа нарықтарына жөнелтілуде. Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанның айтуынша, жалпы көлемнің

7,3 млн тоннасы экспортқа шығарылса, қалған 2,2 млн тоннасы ел ішіне таратылған. Бұл жерде атап өтерлігі, қытай бағытына астық тасымалы төмендегенімен, есесіне жемдік ұн 4,6 есе өсіп, 2,2 млн тоннаға жетіп жығылған. Сонымен қатар Орталық Азия елдеріне экспорттың 34% өсімі байқалуда. – Ақтау және Құрық порттары арқылы Иран бағытына тасымал қайта қалпына келтіріліп, өсім 3,3 есе өсті, ал Ауғанстанға 40%, – деп атап өтті вице-министр. Белгілі болған жайт, биыл Ресейге және ол арқылы астық экспорты 4,2 есеге жуық өскен. Бұдан бөлек, Қазақстан Марокко мен Алжир сияқты Африка елдерімен қатар Вьетнам, ЕО елдеріне де жаңа нарықтар ашып отыр. Былтыр Қазақстанда 25 миллион тонна астық жиналса, биыл да осы көлем шамасын құрайды деп күтілуде.

РАЗВИТИЕ ПУТЕВОЙ СЕТИ

АО «Кедентранссервис» проводит масштабную работу по повышению безопасности движения и надежности собственной железнодорожной инфраструктуры, реализую капитальные и текущие ремонты путей, усиливая контроль за эксплуатацией и внедряя современные стандарты технического обслуживания.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В структуре компании – 11 филиалов и три грузовых участка, а общая протяженность железнодорожных путей превышает 85 тысяч метров. Основная часть путей находится в эксплуатации общества, где трудятся квалифицированные монтеры пути, обеспечивающие их техническое обслуживание. В работе также задействовано 165 стрелочных переводов. В 2025 году АО «Кедентранссервис» выполнило капитальный ремонт путей и стрелочных переводов на 13 объектах. Параллельно в постоянном режиме ведутся работы по текущему содержанию инфраструктуры: по состоянию на 7 ноября 2025 года текущий ремонт проведен на 19 километрах железнодорожных путей. Кроме того, компания эксплуатирует 800 вагонов, что позволяет эффективно обеспечивать грузоперевозки и поддер-

живать стабильный сервис для клиентов. Для контроля технического состояния путевого хозяйства в обществе проводятся регулярные совещания с филиалами, заслушиваются отчеты и осуществляются выезды в регионы, где специалисты анализируют риски и принимают превентивные меры для предотвращения возможных инцидентов. С целью повышения безопасности на подъездных путях разработана и утверждена специальная Инструкция по обслуживанию и организации работы на подъездных путях АО «Кедентранссервис». Документ, согласованный с ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и территориальным отделением «Магистральной сети», определяет порядок обслуживания путей, установки и снятия тормозных башмаков, а также ведения журналов учета. Это позволяет обеспечивать строгий контроль и исключать самопроизвольное движение вагонов.



Компания системно внедряет современные стандарты безопасности, усиливает контроль за эксплуатацией путевого хозяйства и формирует культуру персональной ответственности работников. В 2026 году АО «Кедентранссервис» планирует провести капитальный ремонт еще 30 объектов железнодорожной инфраструктуры, а также продолжить комплекс мероприятий по текущему содержанию путей. Эти шаги направлены на дальнейшее повышение безопасности, надежности и эффективности работы компании.

Фото автора



Марат ЕСҚАЛИЕВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰК»
АҚ құрылыс жөніндегі
басқарушы директоры:

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ДАРЕБА – МАҚТААРАЛ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА. БҰЛ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІ ОҢТҮСТІК АУДАНАРДЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ МАГИСТРАЛЬДАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР РЕСЕЙ МЕН ҚЫТАЙДАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТРАНЗИТТІК АҒЫНДАРДЫ ҚАЙТА БӨЛУГЕ, САРЫАҒАШ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЖҮКТЕМЕСІН ЖЕҢІЛДЕТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРМЕК. ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕ 3 400 УАҚЫТША, АЛ 2026 ЖЫЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕННЕН КЕЙІН 500 ТҰРАҚТЫ ЖҮМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АҚТОҒАЙ ЛОКОМОТИВ
ПАЙДАЛАНУ ДЕПОСЫНА
ҚЫТАЙ ӨНДІРІСІНЕН
ШЫҚҚАН ТЭ36А СЕРИЯЛЫ

12

ЗАМАНАУИ ЛОКОМОТИВ
ЖЕТКІЗІЛДІ.

БИЫЛ ВОКЗАЛДАРДЫ
ЖАҢАРТУДЫҢ АУҚЫМДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА

80

АСТАМ ВОКЗАЛ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ.

БИЫЛ ТЖҰЖ ЖОСПАРЫ
БОЙЫНША ЖЫЛЫ АЛТЫНКӨЛ
– ҚОРҒАС ӨТКЕЛІ АРҚЫЛЫ
ЖАЛПЫ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

14,7 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАЙДЫ ДЕП
КҮТІЛУДЕ.

ҚАУІПТІ АЙМАҚТА ҚАТЕР КӨП

Ислам ТАЛФАТ,
Астана



КӨКЕЙКЕСТІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ темір жолда пойыз басып кету жағдайларының санын азайтуға бағытталған алдын алу іс-шараларын іске асыруды жалғастыруда. Десек те, мал-жанның жол бойына шығып кетіп, пойызға басылып қалу жайттары да жоқ емес.



Сала мамандары ұсынған нақты деректерге сүйенсек, осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша адамдардың пойызға қақтығысуына қатысты 30 оқиға тіркелген, соның салдарынан 34 адам зардап шегіп, оның 15-і өліммен аяқталған, 19-ы түрлі жарақат алған. Зардап шеккендердің арасында үшеуі көмелетке толмаған жасөспірім.

— Оқиғалардың негізгі үлесін азаматтардың теміржол көлігі объектілерінде болу ережелерін бұзған жағдайлар құрап отыр. Тіркелген оқиғаның 40% жағдайында немесе 12 оқиғада зардап шеккендердің ішімдік ішкені анықталса, екі жағдай құлаққап кию салдарынан болған, ал бір жағдайда адам өзін пойыз астына тастап, суицид жасаған, — дейді қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты мамандар.

Теміржолшыларды алаңдатып отырған келесі бір мәселе, өткелдердегі жол-көлік оқиғалары болып отыр. Мәселен, жыл басынан бергі он айда теміржол өткелдерінде 24 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, оның ішінде 3 көлік жолаушылар пойыздарымен қақтығысқан.

Осындай оқиғалардың алдын алу мақсатында осы жылдың басынан бастап темір жолда ауқымды түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Әскерилендірілген теміржол күзетімен және желілік полициямен бірлесіп 1 570 рейд ұйымдастырылып, 2 105 жиын өткізілсе, оның ішінде оқу орындарында 66 мыңнан астам адам қамтылған. Рейдтердің қорытындысы бойынша құқық бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 39 айыппұл салынған. ҚТЖ мамандары азаматтарды темір жолдағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға, белгіленбеген жерлерде жолды кесіп өтпеуге, құлаққаптар мен зейінді төмендететін өзге де құрылғыларды пайдаланбауға, теміржол объектілерінің жанында өте сақ болуға шақырады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АШЫҚ САБАҚ ӨТТІ

Айназ СЫРЫМБЕТ,
Жамбыл



ҚАУІПСІЗДІК

Теміржол жүйесінде электр және автоматтандыру саласының маңызы зор. Сондықтан электр жүйесін реттеу, тоқ жүйелерін бақылау және автоматтандырылған басқаруды игеру – болашақ теміржолшылар үшін аса қажет дағдылар.



Тараз көлік және коммуникация колледжінде өткен «Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ» тақырыбында ашық сабақта болашақ мамандарға пойыздар қозғалысындағы электр және автоматтандыру жүйесінің маңызы мен қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Ашық сабаққа «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалының ЭЧ-21 Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясының өндірістік оқыту шебері Марат Құлбаев арнайы шақырылып, білікті маман электрмен жабдықтау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету барысын арнайы сызбалар арқылы көрсете отырып, студенттерге қауіпсіз еңбек процесін қамтамасыз ету үшін қойылатын талаптар туралы айтып берді.

— Мысалы, электромонтер – қауіп-қатермен бетпе-бет жұмыс істейтін, электрмен жабдықтау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету жөндеу технологиялық процесін қамтамасыз ететін маман. Мұндайда сауатты қимылдап, өзін қорғай алған маман ғана қауіп-қатердің алдын ала алады. Сондықтан дистанцияда өтетін өндірістік сабақтарда алдымен қауіпсіздік талаптары түсіндіріледі, — деді өндірістік оқыту шебері.

Тәжірибелік сабақта еңбекті қорғау мәселесінің болашағы мен маңыздылығы айтылды. Сонымен қатар темір жолда орын алған жазатайым оқиғалар бойынша талдау жүргізілді.

Суретті түсірген автор

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛДЫ



АЙМАҚ

Биылғы жылдың он айында Қандыағаш станциясы бойынша теміржол желісінде ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл шаралар пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қандыағаш жол дистанциясының өндірістік-техникалық бөлім басшысы Сәния Блимованың айтуынша, жол жөндеу жұмыстары өнімді жүрген. Соның ішінде күрделі жөндеу жоспары толық орындалды. Жыл басында бекітілген жоспар бойынша 19,045 км теміржол желісін күрделі жөндеуден өткізу көзделген. Бұл жұмыс 100% орындалып, жоспарланған межеге толық жетті.

Атап айтқанда, ПЧ-6 учаскесіндегі «Кенжалы-Разъезд 142» аралығындағы 133-143 км және «Разъезд 174-Жарлы» 178-188 км аралығындағы жолдарда күр-



делі жөндеу кестеге сай уақытты жүргізілді. Бұл учаскелер соңғы күрделі жөндеуді сонау 1985-1986 жылдары көрген болатын. Ескірген рельс пен

шпалдар жаңа Р65 SKL маркалы элементтерге ауыстырылып, балласт негізі жаңартылып, жол табаны қайта жаңғыртылды. Дистанцияда күшейтілген

орташа жөндеу жұмыстары да жүріп жатыр. Шпал және бағыттағалық бұрмаларды жаңарту жұмыстары да қат-қабат атқарылуда. 10 км көлеміндегі шпалдарды жаңарту жыл соңына дейін аяқталады. Ал бағыттағалық бұрмаларды ауыстыру жоспардан артық атқарылды. Жоспардағы 7 дана орнына 24 дана бұрма жаңартылды.

«Негізгі жөндеу жұмыстары Жаңасай, Қандыағаш және Ноғайты станциялары аумағында жүргізілді. Бұл учаскелерде қозғалыс қауіпсіздігін арттыру және жол төсемінің тозуын төмендету басты назарда болды», — дейді Сәния Блимова.

Жол жөндеу жұмыстары жыл соңына дейін жалғасып, барлық жоспарланған жұмыстар толық орындалады деп күтілуде. Бұл аймақтағы жүк және жолаушы тасымалын тұрақты әрі қауіпсіз ету жолындағы маңызды қадам болумен қатар, жүк және жолаушылар пойызының жылдамдығын да арттыратын болады.

Суретті түсірген автор

АЛТЫ МЫҢ ВАГОНҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



КӘСІПОРЫН
ТЫНЫСЫ

Жамбыл вагон пайдалану депосына қарасты Шу станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пункті арқылы тәулігіне 6 мыңнан астам вагон тексеруден өтеді. Тоғыз жолдың торабындағы станция үшін бұл – қалыпты жүктеме.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жұмыс ауқымдылығына орай тәулігіне ең кемі 5-6 вагоннан түрлі ақау анықталып, тиісінше құрамнан ағытылып жөндеуге жіберіледі немесе ағытылмай-ақ тиісті қызмет көрсетіліп, әрі қарай жөнелтіледі. Жалпы Шудағы орталықта ай сайын шамамен 205 464 вагонға, ал тәулігіне орта есеппен 6 628 вагонға техникалық қызмет көрсетіледі.

Орталықта негізгі үш цех: ағымдағы ағытылған вагондарды жөндеу, вагондарды дайындау және автоматты бақылау пункттері жұмыс істейді. Қызмет көрсету учаскесінің жалпы аумағы 1256 шақырым болса, кепілдік қызмет көрсету учаскесінің ұзындығы – 1607 шақырым. Биыл вагондарға техникалық қызмет көрсету орталығында су құбырлары жаңартылып, су айдауыш жаңа сорғы орнатылыпты. Бұл өз кезегінде жұмыс процесіне оң әсерін тигізіп, еңбек өнімділігін арттыра түсті.

Шу техникалық қызмет көрсету орталығының бастығы Айдын Қарамолдаевтың айтуынша, вагон қараушылардың еңбек жағдайын жақсартуға айрықша

көңіл бөлінеді. Ауысыммен жұмыс істейтін теміржолшылар киініп-шешініп, ас-ауқаттарын ішіп, бір ауық дамылдайтын орында бар жағдай жасалған, жылы да жайлы, былтыр қысқатолқынды пеш пен үш тоңазытқыш сатып алынған.

бастады. Сондай-ақ өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби біліктілігімен жетістікке жеткендер де аз емес. Солардың бірі Ардақ Шаңлақпаев «Құрметті теміржолшы» атанды. Дүниежүзілік еңбекті қорғау



Шу пунктінде жұмыс істейтін 240 адамның ішінде теміржол саласында үздіксіз 10, 20, 30 жыл еңбек етіп келе жатқан 100 қызметкерге бірреттік сыйақы беріліп, арнайы төске тағатын белгі тапсырылған.

— Қызметкерлердің орташа еңбек өтілі 15-20 жылды құрайды. Салада үздіксіз жұмыс істегендердің мерейі өсіп, биылдан бастап қаржылай сыйақы алып

күніне орай Назымкүл Орымбаева Алғыс хатпен марапатталса, Нұржан Жанкиев пен Әлім Жавтуков «Үздік маман» төсбелгісіне ие болды, — дейді Айдын Бейсеханұлы.

Вагондарға техникалық қызмет көрсетудің қыр-сыры Айдын Қарамолдаевқа етене таныс. Теміржолшыларға қажетті материалдық қолдау көрсетіліп, ынталандырып отырғанда ғана



Шудағы осы орталыққа ауыстым. Бір жылдан соң нұсқаушы, биыл қаңтардан бастап орталықты басқарамын, — деп сыр тарқатты Айдын Қарамолдаев.

Орталықтағы үш цех тоқтаусыз жұмыс істейді. Әр пункттің көрсететін қызметі бөлек болғанымен, негізгі міндет біреу – вагондарды қайтадан сапқа қосу, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Суреттерді түсірген автор

БӨРІТЕСКЕН БЕКЕТІНДЕГІ ЖАҢАРУ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Ербол Саулебековтің тапсырмасы бойынша осыған дейін бірнеше ЭЦ посттары мен Бәйтеқұм, Сексеуіл станцияларындағы теміржол өткелдері жаңартылып, заманауи үлгідегі нысанға айналған. Тағы 4 нысанды пайдалануға беру үшін қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр.

Жуырда ғана пайдалануға берілген нысандардың бірі бөлімшенің Жаңақорған ауданы аумағындағы Бөрітескен бекетінде 1975 жылы салынған, жалпы ауданы 92,16 шаршы метр болатын ЭЦ ғимараты ағымдық жөндеуден кейін адам танымастай жаңарып, жаңғырып шыға келді. Жөндеу барысында ғимараттың шатыры толық ауыстырылып, терезелері мен есіктері жаңартылды.

Қасбеті заманауи ақ-көк түсті металл қаптамамен қапталып, нысанның жалпы сыртқы келбеті заманауи бейнеге ие болды. 2025 жылға бекітілген бағдарлама аясында бұл нысанда мердігер ұйым «Теміржолсу

Қызылордалық теміржолшылар пайдаланылғанына жарты ғасырға жуықтаған нысандарды мердігер ұйымдардың күшімен жаңартып, сала еңбеккерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға күш салуда.



Қызылорда» серіктестігінің күшімен 11 455 344 теңге көлеміндегі қаржыға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясына қарасты Жайылма бекетіндегі ЭЦ пост ғимаратына да ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ғимарат толықтай жаңартылып, жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайы қамтамасыз етілді.

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Мейіржан Әбсадықұлының айтуынша, Жайылма бекетінде жүргізілген жаңғырту жұмыстары теміржолшылардың әлеуметтік және қызметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Жылы да жарық әрі қолайлы жерде еңбек



ету кім-кімге де болса ұнайтыны белгілі, жұмысшылардың көңілінен толық шығып отыр.

Бөлімшенің ғимараттар мен инженерлік жүйелерге қызмет көрсету бөлімінің жетекші маманы Жалғас Құрақбаевтың айтуынша, жалпы ағымдағы жылы аймақтағы 13 нысанды жөндеу жоспарланған болса, соның 9-ы толық аяқталып, пайдалануға берілген, қалған 4 нысанда жаңғырту және абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

— Барлық жұмыстар аймақ теміржолшыларының еңбек жағдайын жақсарту, қауіпсіз әрі тиімді жұмыс орысын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылып жатыр. Басты мақсат – теміржолшылардың еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту. Бүгінгі жаңару – ертеңгі сапалы еңбекке деген ынта мен жігер, — дейді ол.

Суреттерді түсірген автор

БЕЗ НАРУШЕНИЙ И КОРРУПЦИИ



В Усть-Каменогорске прошло большое семинар-совещание по профилактике коррупционных и других правонарушений для железнодорожников Оскеменского региона с участием старшего комплаенс-офицера службы комплаенса АО «НК «КТЖ» Куаныша Сентова.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В мероприятии участвовали руководители территориальных подразделений компании, представители органов транспортной прокуратуры, областных департаментов по делам госслужбы (ДАГД), экономических расследований, инспекции транспортного контроля.

Спикеры рассказали о государственных мерах по борьбе с

коррупцией, роли цифровизации и гражданского общества. Было отмечено, что в квазигосударственных компаниях, включая КТЖ, действует институт антикоррупционного комплаенса, контролирующий рискованные операции.

Представитель ДАГД Архат Бейсебаев призвал сотрудников сообщать о



любых проявлениях коррупции и помнить три правила: отказываться от незаконных предложений, немедленно докладывать о склонении к правонарушениям, соблюдать внутренние антикоррупционные акты и стандарты.

Представитель транспортной полиции Мадина Казбекова сообщила, что из 29 уголовных дел этого года восемь совершены работниками железной дороги, и подчеркнула важность профилактики со стороны руководителей.

Канат Айтуаров из областной инспекции транспортного контроля информировал о деятельности своей службы, озвучил статьи КоАП РК, по которым он рассматривает нарушения. Также рассказал о необходимости решить вопросы финансирования из центрального аппарата с капитальным ремонтом магистральных путей в Кумыстауской и Оскеменской дистанциях пути, обследованием подводных частей металлических мостов, их покраске, которая должна выполняться каждые 10 лет, замене гидроизоляции, пролетных строений железобетонных мостов.

Старший прокурор Жан Айткалиев отметил снижение числа преступлений в транспортной сфере на 12% и подчеркнул, что безопасность перевозок зависит от добросовестности работников.

Фото автора



Конкурс
НОВЫЕ РЕШЕНИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ

С 12 по 14 ноября в столице впервые прошел трехдневный конкурс работников АО «НК «Қазақстан темір жолы» по операционной безопасности – «Лучшие практики по безопасности движения поездов». В нем приняли участие 12 команд из всех регионов страны.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Конкурс стал новой площадкой для развития корпоративной культуры и обмена опытом. Впервые итоги оценивались без традиционного жюри – команды самостоятельно определяли сильнейших, оценивая проекты коллег по актуальности проблематики, оригинальности решения, экономической эффективности, измеримым результатам и возможностям тиражирования. Среди представленных инициатив – модернизация пульта-табло и внедрение дублирующих систем контроля, проекты по предотвращению наездов на бесхозный скот, совершенствование локомотивной сигнализации, повышение пропускной способности станций а также улучшение методики обучения правилам торможения.

Первое место заняла команда железнодорожников Мангистауского региона, второе – Актюбинского региона, третье – Акмолинского региона.

По итогам квиз-ленда определена самая оперативная, эрудированная и креативная команда – команда Шымкентского региона. Победителям конкурса вручены денежные сертификаты. Каждый участник получил сертификат участия, 12 активным железнодорожникам выданы направления на дальнейшее обучение по программе mini-MBA, а 10 участников награждены медалями «Достык – Мойынты».

Генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов, обращаясь к участникам, отметил важность внедрения



предложенных идей и необходимость изучать мировой опыт.

– Ваши предложения не останутся только на бумаге – каждое из них будет рассмотрено и включено в дорожную карту по развитию безопасности. Мы должны мыслить шире, смотреть на практики Японии, США, Франции. В Японии строгий регламент переговоров локомотивных бригад снизил нарушения безопасности на 75%. Мы начали внедрять подобные подходы в наших регионах и уже видим поддержку коллег. Все зависит от профессионализма локомотивных бригад, и ваша работа – важный вклад в общее дело, – подчеркнул он.


Среди представленных проектов особое внимание привлекла разработка команды Акмолинского региона по модернизации станционного пульта-табло. Участники отметили, что устаревшие системы не всегда обеспечивают надежный контроль положения стрелок и состояния секций, а перегорание одной

лампы может приводить к потере индикации и повышенным рискам. Команда предложила установить дополнительный монитор, который полностью дублирует показания входных и выходных светофоров, положение стрелочных переводов, маршруты приема и отправления, занятием поездов, а также визуализирует процесс перевода стрелок и подготовку маршрута.

– Дополнительный монитор показывает все операции дежурного по станции. Любое действие – перекрытие, открытие светофора, перевод стрелки – сразу отображается на экране. Дублируются данные по занятости и свободности путей, положению стрелок, состоянию секций. Это значительно повышает контроль и оперативность, а затраты на внедрение минимальны. Наше решение – простой и эффективный способ повысить безопасность, – пояснил преимущества решения капитан команды Акмолинского региона Бауыржан Ералин.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КУРС НА БЕЗОПАСНОСТЬ



За десять месяцев текущего года локомотивными бригадами Алматинского эксплуатационного локомотивного депо было применено 538 экстренных торможений, что на 87 случаев меньше, чем за аналогичный период прошлого года (625).

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В то же время продолжают случаи наездов на людей из-за их невнимательности и беспечности при нахождении на железнодорожных путях. С начала года зарегистрировано 118 случаев нахождения посторонних лиц на путях против 141 за аналогичный период прошлого года. Из них 10 случаев закончились наездами (в прошлом году – 15).

Эти происшествия указывают на необходимость усиления профилактической работы с населением. Наиболее часто экстренные торможения фиксируются на участках Шу – Алматы, Алматы-1 – Алматы-2, Шелек – Алматы, Отар – Алматы, а также на перегоне Бурундай – Алматы-1.

Начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин отметил, что положительная динамика по снижению числа экстренных торможений свидетельствует о профессиональной ответственности локомотивных бригад. В то же время он выразил обеспокоенность сохраняющейся проблемой



наездов на посторонних лиц.

– Несмотря на принимаемые меры, случаи травмирования и гибели людей на железнодорожных путях продолжают иметь место. Основные причины – невнимательность, алкогольное опьянение и нарушение объектами правил поведения на границах железной дороги. Мы продолжаем работу по обеспечению безопасности, – подчеркнул он.

В депо активно ведется профилактическая работа, направленная на повышение уровня безопасности и информирование населения о недопустимости нахождения на путях. Проводятся

«Часы безопасности» в школах, совместные рейды с правоохранительными органами.

Тем не менее продолжают и наезды на скот. С начала года зарегистрировано 175 случаев (в прошлом году – 176), из них 70 – с наездом (в прошлом году – 66). На автотранспорт зарегистрировано 10 случаев против 22 в 2024 году, из них три – с наездом (в прошлом году – один).

По результатам эксплуатационных показателей за 10 месяцев 2025 года перевозочная работа при плане 19 090,964 миллиона тонно-километров грунто выполнена на уровне 19 348,580 миллиона

тонно-километр грунто (101,35%), среднесуточная производительность локомотива при плане 883 тысячи тонно-километров грунто составила 885 тысяч тонно-километров грунто (100,19%), техническая скорость при плане 42,53 километра в час фактически достигла 42,62 километра в час (100,23%).

Снизилось количество сбоев в работе АЛСН: зарегистрировано 629 случаев против 657 за аналогичный период прошлого года.

За десять месяцев 2025 года поступило 4 600 рапортов (в прошлом году – 4 584). Наибольшее количество замечаний, как и прежде, относится к хозяйству сигнализации и связи.

По данным расшифровки скоростемерных лент, выявлено 34 случая нарушений против 52 в прошлом году – отмечается уверенная положительная динамика в дисциплине локомотивных бригад.

На технических занятиях с локомотивными бригадами детально разбираются все допущенные случаи инцидентов и срывов эксплуатационной работы. Особое внимание уделяется анализу причин возникновения, изучению и отработке мероприятий по предотвращению подобных ситуаций. В ходе занятий рассматриваются действия локомотивных бригад в нестандартных условиях и отрабатываются алгоритмы принятия решений, направленные на обеспечение безопасности движения и бесперебойной работы железнодорожного транспорта.

Фото автора

ДО КЫЗЫЛОРДЫ – НА «ТАЛЬГО»

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



С 14 декабря АО «Пассажирские перевозки» продлевает маршрут поезда «Тальго» № 65/66 сообщением Астана – Жезказган до Кызылорды.

Продление маршрута позволит сократить время в пути на 7 часов по сравнению со стандартными поездами, а также обеспечить стабильное сообщение между крупными областями страны и повысить комфорт пассажиров в зимний период.

Поезд из Астаны в Кызылорду, укомплектованный вагонами «Тальго», будет курсировать через день. Этот маршрут позволит перевозить более 400 пассажиров, объединяя центральные и южные регионы Казахстана.

Для пассажиров с ограниченными возможностями предусмотрены специальные места со скидкой до 50%.

Напомним, с 14 декабря национальный перевозчик также устанавливает ежедневное курсирование международного поезда «Тальго» из Алматы в Ташкент.

Билеты можно приобрести на официальном сайте bilet.railways.kz и в билетных кассах железнодорожных вокзалов. Подробную информацию можно получить по номеру 1433. Расписание поездов можно узнать через онлайн-табло на сайте tablo-railways.kz.

К ЗИМЕ ГОТОВЫ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



В Павлодарском регионе подвели итоги осеннего комиссионного осмотра. Магистральная сеть полностью готова к зимнему периоду.


Под руководством директора филиала Булата Баймагамбетова и службами отделов НЖС-3 проведены осмотры пути, устройств СЦБ, устройств контактной сети, состояния зданий и сооружений, производственной безопасности, подготовка автомобильного транспорта и техники к зимним условиям. Особое внимание было обращено на состояние безопасности движения, содержание использование объектов инфраструктуры, особенно технических средств, направленных на обеспечение безопасности движения. В том числе состояние безопасности и охраны труда, идентификацию опасностей (экологических аспектов) и оценку рисков (аспектов), состояние пожарной безопасности и выполнение требований в области пожарной безопасности, наличие и исправность пожарно-охранной сигнализации, состоянию объектов водо- и теплоснабжения, включая обеспеченности запасными частями, оборудованием, техническими средствами, горюче-смазочными материалами, укомплектованности штатной численности работников на выполняемый объем работ, соблюдению технологии при проведении технического обслуживания ССПС.

В ходе осмотра выявлены отклонения в содержании технических средств, ведении технической документации, состоянии охраны труда и экологической безопасности, состоянии восстановительных и пожарных поездов, готовности зданий и сооружений к отопительному сезону, где имеется тенденция к снижению по сравнению с 2024 годом.

Руководством НЖС по окончании осмотра проведено совещание, дана положительная оценка готовности отделения магистральной сети к работе в зимних условиях.

ИИ ВАМ В ПОМОЩЬ!

Яна ЛЕНИНА,
Илецк



Илецкие железнодорожники успешно внедряют искусственный интеллект в работу. С целью освоения ИИ-инструментов для анализа данных и автоматизации рутинных задач в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» проведено обучение работников структурных подразделений.



Обучение работников станции Илецк, пункта технического обслуживания вагонов (ПТО), Илецкого локомотивного депо, а также работников Восточного участка Алтайского края проходило в рамках реализации программы «Внедрение искусственного интеллекта». Цель обучения – дальнейшее тиражирование знаний и развитие компетенций в области искусственного интеллекта.

До конца ноября текущего года планируется провести семинары по курсу «Базовые навыки работы в ChatGPT» для 658 работников. Занятия ведут специалисты, прошедшие обучение по курсу «Искусственный интеллект» в октябре, а именно по филиалу ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» – инженер-программист Алексей Напреев, по Восточному участку – бригадир Игорь Бороденчик.

В ходе обучения работники изучают основные инструменты искусственного интеллекта для создания текстов, изображений, видео, а также для анализа данных и автоматизации рутинных задач. На сегодняшний день навыки работы с ИИ-инструментами во многих профессиях становятся базовыми и актуальными наравне с уровнем уверенного пользователя ПК.

Фото автора

ӨНЕРГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ

Маңғыстаулық теміржолшының өнеріне қырғыздар да таңдай қақты. Түбек теміржолында еңбек ететін Светлана Хайдарова Бішкек қаласында өткен халықаралық «Жаңа Есім» фестивалі аясындағы «Достықтың кілті – бірлікте» концертіне қатысып, жүлдемен оралды.



Халықаралық өнер фестивалінде жанды дауыста ән шырқап, қырғызстандықтардың көңілінен шыққан жерлесімізді көрші елдің Мәдениет министрі бірінші дәрежелі диплом және алғыс хатпен марапаттады. Ал «Жаңа Есім» жобасының продюсері Қаламқас Бексұлтанова өнерге қосқан үлесі үшін «Өнер рухы» төсбелгісін табыстады.

Светлананың өнер жолындағы жетістігі бір бұл емес. Жазда ғана «Мәдениет саласына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған ол 4-5 жыл бұрын «Дауыс 40+» телевизиялық байқауында «Жезтаңдай әнші» номинациясын алған. Биылғы шығармашылық жобада «Өнер әлемінің шабыты» аталымымен марапатталды.

Міне, қай байқауға барса да қоржыны бос қайтпайтын Светлана Жолдыбайқызының түбек теміржолына келгеніне он жылдан асыпты. Батыс Қазақстан облысында өмірге келген ол 2013 жылы Маңғыстау теміржолына

жүк қабылдап-тапсырушы болып жұмысқа орналасады. Бүгінде Құрық порты станциясында осы қызметін жалғастыруда. Қолы боста теміржолшылар арасында өтетін түрлі іс-шараға қатысып, мерекелік кездесулердің, тойлардың көрігін қыздырады.

Ата-анам өнерден құралақан емес, кезінде ауылдағы белді той әншілері еді. Өзіміздің Мұхит ауылы мен көрші елдімекендердегі тойлар олардың қатысуынсыз өтпейтін, алыстан іздеп келіп алып кететін. Қанымда бар болғасын мен де өнерге жақын болдым. Мектепте ән айтудан түрлі байқауға қатысып, жүлдесіз қайтқан жерім жоқ. Бой жете келе өнер жолын таңдауға ата-анам рұқсат бермеді. Тұрмысқа шыққасын отбасы, бала-шаға деп мойын бұруға уақыт болмады. Жолдасым Тельман Матаев Маңғыстауда 30 жыл білім саласында басшылық қызмет атқарды. Төрт баламыз дүниеге келді. Оларға тәлім-тәрбие беріп, балалар өскесін жолдасымның қолда-

уымен теміржолға жұмысқа шықтым. Бастапқыда қиын болды. Отағасым көмектесіп, осы кәсіпте қор болмайсың деген ақыл-кеңесімен бәріне шыдап, үйрендім. Қазір сүйікті кәсібіме айналды. Бастапқыда ұжымдағы мәдени іс-шараларда өнер көрсетіп жүріп, көпшіліктің қолдауы мені қанаттандыра түсті. Тойларда жанды дауыста ән айтып, ұзатылатын қыздарды шығарып салып, келін кіргізіп, елдің алғысын алып жүрдім. Одан соң өмірлік серігім өмірден өтіп, өнерімде біраз уақыт үзіліс болды. Енді-енді қайта шығып, байқауларға қатысып жатырмын, – деген Светлана Хайдарованы актерлық өнерге бір табан жақын болғандықтан фильмдерге де шақырып тұрады екен. 2018 жылы Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» шығармасының желісімен түсірілген фильмде, 2023 жылы «Сезім толқыны» атты фильмде эпизод арасындағы түсірілімдерге, дубляжға қатысқан. Тағы да бірнеше фильмге саундтрек орындауға шақырту түскен. Жыл соңына қарай әжелер ансамблін ұйымдастыру жөнінде ұсыныс алған.

Қазір Светлана Хайдарованың төрт перзенті өскен, бәрі бір-бір кәсіп иесі. Бірі журналист болса, екіншісі теміржолшы, үшіншісі IT маманы. Тек кенжесі студент, болашақ логистика маманы. Бәрі де өнерден құралақан емес, отбасының басы қосылса, оншісі де, күйшісі де, бишісі де өздерінен табылады.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ЛУЧШИЙ ПОСТ КТСМ



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

В подразделениях специализации и связи (ШЧ) АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети»» состоялся конкурс «Лучший пост КТСМ», организованный департаментом автоматики, телемеханики и телекоммуникации (ЦШ).

Соревнование среди постов комплексных технических средств мониторинга (КТСМ) оценивало техническое состояние оборудования, качество регламентных работ, уровень знаний персонала и соблюдение



правил охраны труда.

По итогам конкурса первое место заняла команда ШЧ-16 Астана, станция ОП-42. Они отличились высокой точностью работы оборудования, своевременным выполнением всех регламентных процедур и образцовым соблюдением правил охраны труда. На втором месте оказались представители ШЧ-26 Костанай, станция Озер-

ная. Ребята проявили высокий уровень профессионализма, хорошую командную работу и внимательное отношение к техническим средствам мониторинга. Замкнули тройку победителей ребята из ШЧ-5 Актобе, станция Алжан. Команда выделилась системностью выполнения регламентных работ и поддержанием порядка на рабочем месте, демонстрируя дисциплину и ответственность персонала.

Победители были награждены грамотами и памятными подарками. Заместитель директора департамента ЦШ Азамат Найманов отметил, что подобные мероприятия способствуют повышению профессионализма, обмену опытом и укреплению культуры безопасности на железной дороге.

Руслан РАХМЕТОВ
Фото автора

ПРОВЕРКА НА ПРАВОПИСАНИЕ

В Уральске 12-13 ноября прошел завершающий этап месячного марафона национального диктанта по казахскому языку среди работников АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», в котором приняли участие 155 человек.

Напомним, инициатива министерства образования и науки РК по популяризации государственного языка и стимулирования его углубленного изучения реализовалась через республиканскую акцию «Ұлттық диктант», в которой приняли участие 22 национальные компании Казахстана, и продлилась месяц.

Для примера брались выдержки из творчества казахского просветителя Ахмета Байтурсынова, а по окончании диктанта на экране выводился правильный текст, и участники самостоятельно проверяли свои работы.

В Уральске проводил диктант начальник сектора развития государственного языка АО «НК «Қазақстан темір жолы» Ербол Токтағазы. По его словам, диктант проводился анонимно, основная цель – выявить общий уровень грамотного письма сотрудниками



компании, а после подведения итогов на местах будут организованы курсы казахского языка. Однако же он отметил ряд работ, написанных каллиграфически и очень грамотно.

Анна ЛЕНИНА, Уральск
Фото автора

АЛҒЫС ХАТ ЖОЛДАДЫ

Биыл ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ және аудармашы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай елімізде көптеген шаралар өтіп жатыр. Ұлы ақынның рухани мұрасын паш еткен әдеби кеш Атырау магистральдық желі бөлімшесінде де өткен болатын.



Бағдарлама шартына сай сайыста ұлы тұлғаны сомдау, Абайдың әндерін орындау, қара сөздерін мәнерлеп оқу және ақынның өмірін, шығармашылық жолын қамтыған викториналық сұрақтарға жауап беру талаптары қойылды. 6 команда байлап, оның рухани мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған мұндай бастамалар ел руханиятын байытып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге субелі үлес қосары сөзсіз. Іс-шараға атсалысқан барлық ұйымдастырушылар мен қатысушыларға шын жүректен алғыс

айтамын. Еңбектеріңіз жана берсін, шығармашылық табыс пен толағай жетістіктер тілеймін» делінген алғыс хатта. Алғыс хатты Атырау магистральдық желі бөлімшесі филиалының директоры Аралбай Қосымбаевқа кәсіподақ ұйымының төрағасы Марат Бисенғалиев салтанатты түрде табыс етіп, ұжымның бірлігі нығая беруін, өндірістік және рухани жетістігі де мол болуын тіледі.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

РЕАЛЬНАЯ УГРОЗА НА ПУТЯХ

В Карагинском регионе продолжается строительство скотоизгороди с целью предотвращения наезда на домашних животных железнодорожными составами.



Как отметил начальник отдела пути Карагинского отделения магистральной сети – НЖС-4 Адильхан Ибраев, всего в 2025 году запланировано возведение ограждений протяженностью более 103 километров.

– В ноябре месяце будет построено около 15 километров скотоизгороди, при этом потребность шпал составит 1 375 штук, – пояснил он.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ АРТУДА

Семей ЖТ бөлімшесінде теміржолшылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мен ұжымдары арасында еңбек құқықтарының сақталуы мен қорғалуы жолында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.

Жуырда бөлімшенің бас инженері Қанат Имашевтің төрағалығымен Абай өңірлік көлік прокуратурасы қызметкерлерімен кездесу өткізілді. Жиында еңбек заңнамасының талаптары түсіндіріліп, жаалақыны уақытылы төлеу, желі бойындағы мекемелер бойынша жұмыс уақытының нормаларын сақтау, еңбек демалыстарын беру және еңбек орындарындағы

қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері кеңінен талқыланды. Абай өңірлік көлік прокуратурасының аға прокуроры Ерасылбек Сәкенбекұлы теміржол саласы бойынша жиі кездесетін мәселелерге тоқталып, кез келген күрмеулі мәселелерді шешуде көмек көрсетуге әрдайым әзір екендіктерін жеткізді. Сондай-ақ жиын барысында еңбек қауіпсіздігі, қызметкерлерді

олардың келісімінсіз және тиісті ақысыз артық жұмысқа тартуға жол бермеу мәселелеріне де айрықша көңіл бөлінді. Осы орайда мекемелер мен депо басшылары, бас инженерлерінің де пікірлері тыңдалды. Мұнымен қоса қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтық мәдениетін арттырудың маңыздылығы да баса атап өтілді.

Іс-шарадан кейін кәсіпорын қызметкерлері көлік прокуратурасы өкілдерінің жеке қабылдауында болып, еңбек құқықтарына қатысты сауалдарына жауап ала алды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Спорт

Астанада «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының орталық аппараты, филиалдары мен еншілес ұйымдары қызметкерлерінің арасында жыл сайынғы дәстүрлі спартакиада басталды.



ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ



Спорттық сайыстар бағдарламасы төрт танымал спорт түрін қамтиды: 15 қараша – футбол, 16 қараша – волейбол, 23 қараша – үстел теннисі мен баскетбол сайысы өтеді. Ұйымдастырушылар биылғы спартакиадаға қатысушылар саны бойынша рекордты қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Алғашқы ойындардан-ақ спорттық бәсе-



ке тартысты да қызу өтетіні белгілі болды. Теміржолшылар арасында кең танымал футбол сайысына 25 команда қатысып, біріне бірі үлс бермей, нағыз шебер ойын дәлісін көрсетті. Қорытындысында 1-орынды Әскерилендірілген теміржол күзеті қызметі командасы иеленсе, 2-орын Телемеханика және телекоммуникация департаменті командасына берілді. Ал 3-орынға «Кедентранссервис» АҚ командасы лайық болды.

Волейбол бәсекесі де қызықсыз өтпеді, сақадай сайланып, тас-түйін келген 22 команда бір күн бойы теңбіл допты торда тулатты. Ерлер мен әйелдер араласып ойнаған волейболда Астана станциясының теміржолшылары жеңіске жетті. Екінші орынды Магистральдық желі дирекциясы командасы алды, ал үшінші орын Әскерилендірілген теміржол күзеті қызметі командасына берілді.

Спартакиада – ҚТЖ компаниясының әлеуметтік саясатының маңызды бөлігі. Ол салауатты өмір салтын насихаттап, ұжымдық бірлікті нығайтып, мықты корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Райхан РАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген Валерий ДЕНИСЕНКО

**ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ**

ҚАЗКӨЛІККӘСПІ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
альынды, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубайева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.